

Географиялық диктант

Латын Америкасында орналасқан елдердің басым көпшілігі **18** республикалар, ал **Аргентина, Бразилия, Мексика, Венесуэла**, мемлекеттік құрылымы жөнінен **федерациялық**, республикалар болып табылады. Бұл елдердің халықтары **испан, португал, ағылшын, француз** тілдерінде сөйлейді. Халықтың **90** пайызы **католик** дінін ұстайды.

Географиялық диктант

Аймақтың **16.** елінде какао өсіріледі.

Бананды экспорттаудан **Эквадор** дүние жүзінде **1.** орын, ал Коста-Рика **2.** Жылқы шаруашылығынан **Мексика** дүние жүзінде **2.** орын алса, **Бразилия** **3.** орын алады.

БРАЗИЛИЯ



Наурыздың 11-і

Сабақтың тақырыбы: **Бразилия.**

Сабақтың мақсаты: Әлемнің дамушы елдерінің көш басында келе жатқан Бразилия елі туралы білімдерін кеңейту. Елдің экономикалық даму ерекшеліктерімен танысу. Алған білім, білік дағдыларын іс-жүзінде шығармашылықпен қолдана білуге дағдыландыру. Өз ойларын ортаға салуға, пікірлесуге, талқылай білуге үйрету. Елдің сыртқы экономикалық байланыстары жайлы түсіндіру.





жоспары:

1. Географиялық орны.
2. Мемлекеттің қалыптасу тарихы.
3. Табиғаты және табиғат ресурстары.
4. Халқы.
5. Шаруашылығы.
6. Сыртқы экономикалық байланыстары.



ПАУ - БРАЗИЛ АҒАШЫ



ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

- Әкімшілік-аумақтық
- бірлігі – штаттар және
- федералдық округ
- Әкімшілік жағынан 26
- штатқа, бір федералдық
- округке бөлінеді.
- Губернатор билейтін
- әрбір штат өз
- Конституциясын
- ұстанады.





ЕЛТАҢБАСЫ

ТУЫ

САЯСАТ

Бразилияның 36-шы президенті
01.01.2011ж. бастап



Дилма Вана Русеф

- Мемлекеттік құрылымы – федерациялық республика. Мемлекет басшысы – президент, 4 жылда бір сайланып отырады .
- Заң шығарушы органы – Ұлттық Конгресс, 2 палатадан тұрады: федерациялық сенат (81 орын) және депутаттар палатасы (513 орын).
- Мемлекеттік тілі – португал тілі.
- Ұлттық валютасы – реал.


Бразилия солтүстіктен –оңтүстікке қарай 4320 км-ге, батыстан-шығысқа қарай 4328 км-ге созылып жатыр. Бразилия – Латын Америкасындағы ең үлкен ел, құрлықтың жартысына жуығын алып жатыр. Құрлықтық шекара сызығының ұзындығы - 16 мың. км. Солтүстігі мен шығысын Атлант мұхиты мен ұласып жатыр, жағалау сызығының ұзындығы— 7,4 мың км. Жалпы ауданы— 8.514.215,3 км², бүкіл құрлықтың 5,7 % құрайды. Бразилия — көлемі жөнінен Ресей, Канада, Қытай, АҚШ-тан кейінгі 5-ші орын алады.



Ел аумағында Гвиана таулы үстіртінің оңтүстік бөлігі, Бразилия таулы үстірті, Амазонка ойпаты орналасқан. Бразилияның ең биік нүктесі - Бандейра, 2890м). Ең ірі көлдері - Мирим и Патус. Басты өзендері: Амазонка - ең суы мол өзені, Мадейра, Рио-Негру, Парана, Сан-Франсиску.

АУДАНЫ МЕН ТІРШІЛІК ДҮНИЕСІ ЖАҒЫНАН ЖЕР ШАРЫНДА АМАЗОНИЯ ОРМАНДАРЫНЫҢ ТЕНДЕСІ ЖОҚ.


Амазония орманы - Жер шарының ең үлкен орман алқабы, жергілікті халық ит тұмсығы батпайтын бұл қалың орманды «сельва» деп атайды.



Мұнда өте бағалы бразилия араукариясы, балауыз пальмасы, гевея (табиғи каучук алынады), парагвай шайы, сейба (мақтаға ұқсас талшық – капок алынады), махагони (шаш бояуы мен бағалы қызыл ағаш сүрегі алынады), хина (дәрілік шикізат беретін), бальс ағашы, қауын ағашы, какао сияқты ағаштың 40000 түрлі ағаш өседі. Сондықтан бұл аймақты ғаламшарымыздың «өкпесі» деп те атайды.

Амазонияда

балықтың 3000 , құстардың
1294, сүтқоректілердің 427,
қосмекенділердің 428,
бауырмен жорғалаушылардың
378, омыртқазылардың 110 000
түрі кездеседі



Байырғы халқы

Келімсек халқы

Үндістер **Еуропалықтар** **Африкалықтар**

Метистер **Мулаттар**

Самбо

Этностық құрамы
ақ нәсілдер - 53.9 %
мулаттар — 38,5 %;
қара нәсілдер — 6,2 %;
азиаттықтар — 1 % (
жапондар, қытайлар және
басқалары.)
Үндістер - 0,4 %

- Халықтың негізгі белгілері:**
- табиғи өсу көрсеткіші жоғары,
 - жастар саны жоғары,
 - халықтың әркелкі орналасу,
 - урбандалу деңгейі жоғары,
 - жалған урбандалу

Бразилия астанасы - Бразилиа

1960 жылы 21 сәуірде Бразилия астанасы Рио-де-Жанейродан Бразилиаға көшірілді.

Бразилиа – 1956 ж қала сәулеткерлері Лусио Коста мен Оскар Нимейердің ұсынған жобалары бойынша салынған. Қаланың планы «самолет» бейнесінде, оның негізгі корпусында (фюзеляжда) - әкімшілік, қоғамдық басқару ғимараттары, ал «қанаттарында» – тұрғын үйлер, ал «ұшқыштар кабинасында» – президент сарайы, Ұлттық конгресс және сот орналасқан. Қазіргі кезде Бразилиа жер шарының әсем қалаларының бірі.



Рио-де-Жанейро



Рио-де-Жанейро 1763 жылдан 1960 жылға дейін бір ғасырға жуық уақыт бойы Бразилияның астанасы болып келді. Ол кең байтақ Гуанабара қойнауының жағасына орналасқан. Бұл қойнауды бойлай атақты Копакабана жағажайы бар тұрғын үйлер мен әкімшілік кварталдары, порт және өнеркәсіпті аудан созылып жатыр. Етегіне қала жайғасқан Коркаваду тауында Христостың 40 метрлік бейнесі асқақтап тұр.



Дүние жүзіндегі аса ірі «Маракана» футбол стадионымен Рионың даңқы шыққан. Бразилия мемлекеті футболдан үш мәрте әлем чемпионы болған мемлекет. Бразилияда футбол ойыны өте жоғары дамыған, әйгілі футбол жұлдызы Пеле Бразилия тұрғыны

Бразилия карнавалы



Сан-Паулу






Бразилия аумағында минералды шикізаттың көптеген түрлері кездеседі. Бразилиядағы кен қорының жартысынан астамында темірдің үлесі өте жоғары.(барланған мөлшері 80 млрд. т), Минас-Жерайс – Бразилияның орталық штатындағы темір жүрегі болып табылады. Бразилия таулы үстіртінде темір кенімен қатар , жоғары сапалы марганец кездеседі.



**Алмаз өндіру. Алғаш рет алмаз Бразилияда
1725 жылы өндіріле бастады, қазіргі кезде
елдің 11 штатында өндіріледі.**





Мұнай өнеркәсібі. Елдің мұнай кәсіпшіліктері ішкі сұраныстың жартысына жуығын ғана қамтамасыз етеді, негізгі мұнай кәсіпшіліктері теңіз жағалауларында орналасқан. Бұл салада «Петробраз» мемлекеттік мұнай компаниясы жетекші орын алады. 1940 жылдан бастап өндіріп келеді.



Тупи-Йара — алып мұнай-газ орталығы. Сан-Паулу қаласының оңтүстік-шығысында 330 км қашықтықта Атлант мұхиты жағасында орналасқан.

Бразилия – машина жасау өнеркәсібі өнімі жөнінен дүние жүзі бойынша ондық елдердің бірі, жетінші орын алады.

Машина жасау өнеркәсібі жалпы өнеркәсіп өнімінің 30%-дан астамын береді.

2,3 милиона автомобиль, 120 000 жүк машинасын, 50 000 автобус жүк машинасы мен автобус шығару жөнінен дүние жүзі бойынша бесінші орын алады.



**Бұл «шегіртке» Obvio!
өңіл автокөлік
фирмасы шығарған
көлік. Бұл көлік
экологиялық жағынан
газға, бензинмен де,
электрикпен де, этиль
сиртімен де жүреді**

Машина жасау саласында жұмыс істейтін 21 компания бар. Олардың арасынан “Фольксваген-ду-Бразил”, “Дженерал моторс”, “Форд-Виллис”, “Крайслер-ду-Бразил” жетекші орын алады



Hyundai Bus IFA

Қазіргі кезде елде күрделі әскери техника – танктер, су асты қайықтары, ұшақтар, реактивті қондырғылар өндірісі жолға қойылған.

Машина жасау өнеркәсібі электрондық және есептеу құралдарына деген сұраныстың 80%-дан астамын, ақпарат құралдарына деген сұраныстың жартысынан астамын қамтамасыз етеді. Машина жасау Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро агломерацияларында шоғырланған.



**Ұлттық ғылым және техника зерттеу орталығы
көптеген жаңа жетістіктерге жете бастады.**




**Laboratório Nacional de Luz Síncrotron Кампинас
қаласындағы лаборатория**

Ауыл шаруашылығы.

Ауыл шаруашылығы – Бразилия экономикасының маңызды саласы. Ел экспортқа шығарылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі жөнінен дүние жүзінде АҚШ пен Франциядан кейін үшінші орын алады.

өнімдері	Мың тонн
Кофе	2 249 010
Кант қамысы	420 121
Соя	50 195
Жүгері	34 860
Маниок	26 645
Сүт	23 455
Ет	19 919
Апельсин	17 805
Күріш	13 141
Банан	6 703
Бидай	5 201



П Н М С ФОРМУЛАСЫ

П – пікір

Н – нақтылық

М – мысал

С – салдар

Сандар сөйлейді

1822 1888 78 % 30 %

177 млн 1889 70 2,3 млн

8,5 млн км 182 млн

Үйге тапсырма

Өткен курстар бойынша мына терминдерге анықтама жазып келу

1. Жер иелену түрлері Мексикада, Аргентинада, Бразилияда қалай аталады?
2. Минифундия, латифундия деген не?
3. Бразилия тақырыбын оқу, атлас, кескін картамен жұмыс.